

"2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Есіл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 3 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 18 маусымдағы № 158 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 шілдеде № 13-6-119 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 қаңтардағы № 31 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің 2010.01.26 № 31 Қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 2-тармағына сәйкес, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» аудан әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы № 3 қаулысына (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 3 ақпандағы № 13-6-112 болып тіркелген, 2009 жылғы 13 ақпандағы № 7 «Есіл таңы», 2009 жылғы 13 ақпандағы № 7 «Ишим» газеттерінде жарияланған) келесі өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы жаңа редакцияда оқылсын.

3. Осы қаулы бұқаралық ақпараттық құралдарында алғаш рет ресми жарияланған кезден он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

В. Бубенко

2009 жылғы 18 маусымдағы
аудан әкімдігінің № 158 қаулысына
қосымша

Қоғамдық жұмысқа қатысушыларға атқарған жұмысына байланысты еңбегіне төлеу туралы

Жұмыс түрлерінің атауы	Мамандық	Дәреже	Тариф коэффициент
1. Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы ұйымдарына елді мекендердің аумақтарын жинауда көмек көрсету	Аумақтарды жинаушы	1-2	1,39 1,49
2. Аймақтарды экологиялық сауықтыру (аумақтарды көгалдандыру және көркейту)(ағаш отырғызу, гүл егу), орман саябақтық		3	1,59

шаруашылықтарды, демалу, туризм орындарын сақтау және дамыту, қаңғырма жануарларды аулау.	Көркейту бойынша жұмысшы		
3. Спорттық шараларды, мерейтойларды, мемлекеттік мерекелерге арналған шараларды дайындауға қатысу, соның ішінде мұз қалашықтарын салуда қосалқы жұмыстарды орындау.	Мәдени ұйымдастырушы	3-4	1,59 1,70
4. Республикалық және аймақтық қоғамдық науқандарға (сауалнама жүргізу, халық санағы, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау сұрақтары бойынша тексеріс жүргізу) қатысу.	Санақшы	G-14	1,43
5. Халықтың аз қамтамасыз етілген топтары мен жалғыз тұратын қарттарға, жаңа келген оралмандарға, әлеуметтік-тұрмыстық мәдениет нысандарына отын және жемазық дайындау, көмірді жеткізуге және түсіруге көмек көрсету.	Жұмысшы	1	1,39
6. Үй шаруашылығын тіркеуде және шаруашылық кітаптарын құрастыруға көмек көрсету.	Тіркеуші	G-14	1,43
7. Әлеуметтік-мәдени мақсаттағы маңызды объектілерді, сондай-ақ аудан әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі бос ғимараттарды күзету.	Күзетші	1-2	1,39
8. Балалардың, жасөспірімдердің, жастардың бос уақытын балалар-жасөспірімдер клубтары арқылы ұйымдастыру жөнінде бір жолғы жұмыстарды (мерекелер мен мерейтойларға дайындық) жүргізу.	Мәдени ұйымдастырушы	G-13	1,68
9. Саябақтар, гүл бақтары аумағын күзету (жеке меншік объектілерінен басқалары)	Күзетші	1-2	1,39 1,49
10. Зираттарды, қоқыс орындарын, соның ішінде қоқыстарды жинауды ұйымдастыру.	Көркейту бойынша жұмысшы	3	1,59
11. Мемлекеттік мекемелерде бюджеттік ұйымдардың жылу беру маусымы кезінде пеш жағушы ретіндегі жұмыс.	Пеш жағушы.	1-2	1,39 1,49.
12. Жалғыз басты ауру қарт азаматтарды күту (тамақ, дәрі-дәрмек сатып әкелу, үй ішін жинау, ағарту, еден сырлау, кір жуу, көкөніс отырғызу, арам шөп жұлуды және жинау)	әлеуметтік жұмысшы	G-13	1,68
13. Тұрақты тұратын жері бойынша халықты құжаттау және тіркеуде техникалық қызмет көрсету,.	Төлқұжатшы	G-14	1,43
14. Оралмандарды қабылдау және жайластыру жөніндегі тапсырмаларды орындау.	Іс жүргізуші	G-14	1,43

15. Мемлекеттік тілдегі өгініштер бойынша іс-жүргізуде көрсету.	Аудармашы	G-13	1,68
16. Құжаттарды сақтауға дайындық және өндеуде көмек көрсету.	Мұрағатшы	G-14	1,43
17. Жұмыспен қамту мәселелері және 18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау кезінде қажетті құжаттарды жинау бойынша көмек көрсету.	Ассистент (маманның көмекшісі)	G-13	1,68
18. Аудан әкімі аппаратының ғимараты ішінде тәртіпті қадағалауға көмек көрсету (гардеробта жұмыс істеу).	Гардеробшы	G-14	1,43

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК